

Осы жарияланым банктер мен олардың депозиттік өнімдерінің жарнамасы болып табылмайды, осыған байланысты банктердің атаулары жарияланбайды.

Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және мөлшерлемелері туралы жалпы ақпарат беруге бағытталған. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) алдарыңыздағы деректердің қаншалықты дәл, толыққанды, шынайы және өзекті екендігіне кепілдік бере алмайды. Өйткені олар екінші деңгейдегі банктердің сайттарына жасалған мониторинг негізінде алынған. Сонымен банк салымы шартын жасамай тұрып, таңдау жасалған банк туралы ақпараттарды нақтылап, пысықтап алу қажет. Тағы да еске саламыз, банктегі таңдап алынған салымға ақша салмай тұрып, сол депозиттің табыстылығы ғана емес, банктің өзінің қаржылық ахуалы қандай екендігін ескерген дұрыс болады. Мәлімет үшін: ҚДКБҚ сайтында банктердің рейтингі туралы ақпарат та жарияланған (<https://kdif.kz/kz/finansovaya-gramotnost/rating/>). Бұл банктер – Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы қаржы институттары. Ал рейтингтерді халықаралық рейтингтік агенттіктер берген. Жинақ ақша туралы саналы шешім қабылдау үшін ҚДКБҚ шарттың талаптарын, оның ішінде депозитті толықтыру, одан қаражатты мерзімінен бұрын толық және ішінара алу талаптарын мұқият оқуға кеңес береді.

### **Жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері (депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің сайттарына жүргізілген мониторинг негізінде)**

#### **Банктердің сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру барысына жасалған шолу 2026 жылғы 5 мамырға дейін қалыптастырылған деректер**

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) әрбір банк өзінің депозиттік өнімдері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өзінің ішкі депозиттік саясатына сәйкес белгілейтіндігін хабарлайды. Сонымен қатар банктердің шешіміне Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі мен нарықтың басқа да қатысушыларының мөлшерлемелерінің өзгеруі, сондай-ақ халық депозиттерін тарту мен жүйелік тәуекел<sup>1</sup> үшін төленетін жарна бойынша шығыстар арасындағы теңгерімді сақтау қажеттілігі де әсер етеді.

2026 жылдың 24 сәуірінде Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені кезекті рет 18,0% деңгейінде қалдыру туралы шешім қабылдады. Мөлшерлеме осы деңгейінде өткен жылдың қазан айынан бері сақталуда. 2026 жылдың сәуірінде бөлшек депозиттік нарықта банктер өз міндеттеріне байланысты сыйақы мөлшерлемелерін әр түрлі бағытта түзетіп, нақты әрекет етті.

#### **Депозит нарығындағы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі:**

Депозиттің түрі	Өзгерістер	
	▲	▼
Мерзімсіз салымдар	2 банк	1 банк
Толықтыру құқығы бар мерзімді салым-р	-	-
Толықтыру құқығы жоқ мерзімді салым-р	-	-
Толықтыру құқығы бар жинақ салымдар	3 банк	1 банк
Толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар	2 банк	1 банк
Мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер	-	-

<sup>1</sup> халықтың депозиттерін тартудың агрессивті саясатын шектеу үшін Банктер ҚДКБҚ-ға жүйелік тәуекел үшін жарна төлейді, оның мөлшері банктің орташа мөлшерлемесінің нарықтық мөлшерлемеден асып кету дәрежесіне және тарту көлеміне байланысты болады



## Мерзімсіз депозиттер<sup>2</sup>

**Мерзімсіз депозиттер** өзінің барынша икемділігімен ерекшеленеді. Мұндай қаржы құралы қаражатты емін-еркін толықтыруға, кез келген уақытта одан азайтылмайтын қалдық шегінде ақша алуға мүмкіндік береді. Сыйақы жоғалмайды.

Ақпан мен наурыздан айырмашылығы, мерзімсіз депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері өзгеріссіз қалған кезде, сәуір мен мамыр айының басында 3 банк өз депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін бірден қайта қарады:

- ▲ 1 кішігірім банк 12 айлық мерзім бойынша 0,5 пайыздық тармаққа (п.т.) көтеріп, 14,9%-ға жеткізді;
- ▲ 1 орташа банк 12 айлық мерзім бойынша 0,1 п.т.-қа көтеріп, 15,7%-ға жеткізді;
- ▼ 1 кішігірім банк 12 айлық мерзім бойынша 0,5 п.т.-қа төмендеп, 15,0%-ға жеткізді.

Мерзімсіз депозиттер			
Көрсеткіштер	Сәуір, 2025	Қаңтар, 2026	Сәуір, 2026
Банктердің саны	16	18	18
Максималды мөлшерлеме	15,7%	16,9%	16,9%
Минималды мөлшерлеме <sup>3</sup>	13,0%	13,0%	13,0%
Орташа мөлшерлеме	14,8%	15,3%	15,3%

Өткен жылдың сәуір айымен салыстырғанда қатысушылардың саны екі банкке толықты, максималды мөлшерлеме 1,2 п.т.-қа, ал орташа мөлшерлеме 0,5 п.т.-қа жоғарылады.

1-графика. Мерзімі 12 айлық мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер<sup>4</sup>



<sup>2</sup> Мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерлеме бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды

<sup>3</sup> іріктемеге инфляция деңгейінен төмен мөлшерлеме ұсынатын 2 банктің депозиттік мөлшерлемелері енгізілмеді

<sup>4</sup> Мерзімі 12 айлық мерзімсіз салымдары жоқ банктер бойынша олар 13 айға ұсынатын мөлшерлемелер пайдаланылды



## Мерзімді депозиттер<sup>5</sup>

**Мерзімді депозит** – бұл жинақ және мерзімсіз салымдар арасындағы ымыралы нұсқа: мұнда мерзімсіз салымға қарағанда едәуір жоғары пайыздық мөлшерлеме ұсынылады және талаптары қаражатты басқаруда жинақ салымдарға қарағанда едәуір икемді. Яғни, ақшаны сақтау және молайту үшін тартымды қаржы құралы. Мерзімді салымдардың белгіленген мерзім барысында үстінен ақша салуға болатын және болмайтын түрлері бар.


### Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар

2026 жылдың сәуірінде толықтыру құқығы бар мерзімді депозиттердің мөлшерлемелері өзгеріссіз қалды. Бәсекелік артықшылықты нығайтқысы келген банктердің бір бөлігі мөлшерлемелерді жоғары деңгейде белгіледі, ал қалған банктер ағымдағы маржиналдылықты сақтауды жөн санайды. Ондағы мақсат – толықтыру құқығының бар екендігін және осындай депозиттер бойынша қаражатты мерзімінен бұрын алу бойынша талаптардың қатал еместігін ескере отырып, өзінің пайыздық шығындарын көбейтпеу.

Толықтыру құқығы бар мерзімді депозиттер			
Көрсеткіштер	Сәуір, 2025	Қаңтар, 2026	Сәуір, 2026
Банктердің саны	6	7	8
Максималды мөлшерлеме	18,0% (3 ай)	20,0% (3 ай)	20,0% (3 ай)
Минималды мөлшерлеме	7,0% (24 ай)	10,0% (24 айдан жоғары)	5,1% (24 ай)

Бір жыл ішінде 2 банк өзінің депозиттік желісінің қатарын толықтыру құқығы бар мерзімді депозиттермен молайтты. Максималды мөлшерлеме 3 айлық мерзім бойынша 2,0 п.т.-қа көтеріліп, 20,0%-ға жетті.

2-графика. Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелер




<sup>5</sup> Мерзімділік талабына сәйкес келетін депозит – жеке тұлғалардың жаңадан ашылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін анықтау және белгілеу әдістемесінде қарастырылған, шарттық талаптары бойынша Әдістемеді көзделген ең төменгі айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл салатын, сыйақы мөлшерлемесі тиянақталған депозит

## Толықтыру құқығы жоқ мерзімді депозиттер

Толықтыру құқығы жоқ мерзімді депозиттер сегментінде елеулі өзгерістер байқалған жоқ. Бұл өнімді 2026 жылдың наурыз айынан бері бір банк қана ұсынып келеді, ал сәуір айында мөлшерлемелер өзгеріссіз қалды.

3-графика. Толықтыру құқығы жоқ мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлемелер





## Жинақ депозиттер

**Жинақ депозиттер** – салған ақшаны мерзімі аяқталғанша алуға болмайтын депозит. Бұл салған ақшасын мерзімі аяқталғанша алмауды жоспарлаған адамдар үшін өте тиімді салым. Алған жағдайда шот жабылады, сыйақы толығымен дерлік жойылады. Ал ақша 30 күннен кейін ғана беріледі. Жинақ салымдардың белгіленген мерзім барысында үстінен ақша салуға болатын және болмайтын түрлері бар.

### Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер


Сәуір мен мамыр айының басында 2026 келесі өзгерістер болды:

- ▲ 1 орташа және 1 кішігірім банк – 3 айлық мерзім бойынша мөлшерлемені 0,5 п.т.-қа көтеріп 20,5%-ға жеткізді;
- ▲ 1 орташа банк өзінің өнім желісіне 3 ай мерзімін енгізді, сыйақы мөлшерлемесі 19,5%;
- ▼ 1 кішігірім банк – 3 және 6 айлық мерзімдер бойынша мөлшерлемелерді 0,3 п.т.-қа төмендетіп, сәйкесінше 17,3% және 17,2% көлемінде белгіледі.

Толықтыру құқығы бар жинақ салымдар			
Көрсеткіштер	Сәуір, 2025	Қаңтар, 2026	Сәуір, 2026
Банктердің саны	10	11	12
Максималды мөлшерлеме	17,0% (6 ай)	20,0% (3-6 ай)	20,5% (3 ай)
Минималды мөлшерлеме	5,1% (24 ай)	5,1% (24 ай)	5,1% (24 ай)

Өткен жылдың сәуір айымен салыстырғанда толықтыру құқығы бар жинақ салымдар сегменті екі жаңа банкпен толықты. Максималды мөлшерлемелер 3,5 пайыздық тармаққа көтеріліп, 20,5%-ға дейін өсті. Бұл бүкіл сегменттер бойынша бір жыл ішіндегі ең жоғары өсім болып табылады.

#### 4-графика. Толықтыру құқығы бар жинақ салымдары бойынша мөлшерлемелер



— Инфляция (жылдық мәнде)

◇ Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер, наурыз 2026

◆ Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер, сәуір 2026

## Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер


2026 жылдың сәуірінде келесі өзгерістер орын алды:

- ▲ 1 орташа банк 6 және 12 айлық мерзімдер бойынша сыйақыларды 0,9 және 4,8 п.т.-қа көтеріп, сәйкесінше 20,0% және 20,5%-ға жеткізді. Бұл 12 ай мерзімінде 20,5% мөлшерлемені бекітуді ұсынған алғашқы банк (ақпарат банкінің сайтында орналастырылған ақпаратқа сәйкес мұндай мүмкіндік салымшыларға 2026 жылдың мамыр айының соңына дейін беріледі);
- ▲ 1 орташа банк 6 айлық мерзім бойынша 0,4 п.т.-қа көтеріп, 20,0%-ға жеткізді;
- ▼ 1 кішігірім банк 3 және 6 айлық мерзімдер бойынша мөлшерлемелерді 0,3 п.т.-қа төмендетіп, сәйкесінше 17,3% және 17,2% көлемінде белгіледі.

Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер			
Көрсеткіштер	Сәуір, 2025	Қаңтар, 2026	Сәуір, 2026
Банктердің саны	12	14	14
Максималды мөлшерлеме	18,5% (6 ай)	20,5% (6 ай)	20,5% (6 және 12 ай)
Минималды мөлшерлеме	6,3% (24 айдан жоғары)	6,3% (24 айдан жоғары)	6,3% (24 айдан жоғары)

Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер сегментіне 2 жаңа ойыншы келіп қосылды. Максималды мөлшерлеме 2,0 п.т.-қа көтеріліп, 20,5%-ға жетсе, минималды мөлшерлеме өткен жылдың сәуір айының деңгейінде сақталды.

5-графика. Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер





## Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер


Сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер – бұл пайыздық мөлшерлемесі тиянақты бекітілмеген және салым шартының мерзімі барысында өзгеруі мүмкін салымдар. Сыйақыларды есептеу механизмі екі элементтің негізінде жасалады: базалық көрсеткіш, мысалы Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі немесе инфляция деңгейі және тиянақталған үстеме (спред). Банк пайыздық спредтің шамасын шарт жасау барысында тиянақтайды және пайыздық спредтің мөлшерін арттыру және (немесе) салым мерзімін ұзарту жағдайын қоспағанда, өзгертуге жатпайды.

Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер сегментінде 2026 жылдың сәуірінде бір ғана өзгеріс орын алды – яғни, 12 айлық мерзім бойынша базалық мөлшерлемеге қатысты теріс спред -3,25-тің орнына -3,24 болып қайта қаралды. Бұл ретте сыйақы мөлшерлемесі өзгерген жоқ, 15,9% деңгейінде қалды.

Қазіргі уақытта пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттерді 2 банк ұсынады, ал табыстылығы мерзімсіз салымдар деңгейінде тұрақтаған. Өткен жылы пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттердің көлемі бенчмарк рөлін атқаратын жоғары базалық мөлшерлеме аясында өсті. Ал биылғы жылы егер банктер спредті қайта қарау есебінен мұндай депозиттердің табыстылығын өсіретін болмаса, базалық мөлшерлеме төмендеуі мүмкін деген болжамды ескерсек, депозиттердің көлемі керісінше төмендеуі мүмкін.

Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер			
Көрсеткіштер	Сәуір, 2025	Қаңтар, 2026	Сәуір, 2026
Банктердің саны	1	2	2
Өнімдердің саны	2	3	2
Максималды мөлшерлеме	15,9%	17,0%	16,2%
Максималды мөлшерлемеге қатысты спред	-1,75 п.т.	-2,3 п.т.	-3,0 п.т.
Минималды мөлшерлеме	-	15,9%	15,9%
Минималды мөлшерлемеге қатысты спред	-	-3,3 п.т.	-3,2 п.т.

6-графика. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер бойынша максималды мөлшерлемелер



## Тұжырымдар

Бұл мониторингте 2025 жылдың сәуірінен бастап, 2026 жылдың сәуіріне дейін банктердің бір жыл ішінде жасаған ұсыныстарының динамикасын қарастырдық. Осы қаралып жатқан кезеңде депозит нарығының әрбір сегментінде жаңа қатысушылар мен өнімдер пайда болды. Сондай-ақ мөлшерлемелердің өсуі тіркелді. Максималды өсім – толықтыру құқығы бар жинақ салымдар бойынша 3,5 п.т.-ты, ал минималды өсім – мерзімсіз салымдар бойынша 1,2 п.т.-ты құрады. Жинақ және мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелердің айтарлықтай өсуі депозит портфелін қайта теңгеруге ынталандырады: салымшылар қаражатты мерзімінен бұрын алуға қатысты шектеуді қабыл ала отырып, тиянақталған жоғары табыстылықты жиі таңдай бастады.

Осы екі арада, 2026 жылдың сәуірі мен мамыр айының басында жеке тұлғалардың депозиттік нарығындағы жағдай бір ай бұрын үрдісті сақтап, тұрақтылығын сақтап қалды. Бұл әрине, көп жағдайда базалық мөлшерлеменің бұрынғы деңгейінде сақталуына байланысты екені белгілі (Ұлттық Банктің соңғы шешімі 2026 жылдың 24 сәуірінде қабылданды). Талаптарды қайта қараудың негізгі кезеңі өткен жылдың 4-тоқсанында аяқталды. Ал қазір жекелеген банктер депозиттердің жекелеген түрлері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өздерінің депозиттік саясаты мен қойылған міндеттерге (депозиттік базаны ұлғайту/ұстап қалу, жаңа өнімдерді сынақтан өткізу, пайыздық шығыстарды қысқарту) сүйене отырып нақтылайды.

Депозит нарығындағы осындай тұрақты жағдай депозиторлар үшін қолайлы: максималды мөлшерлемелер 20,0%-20,5%-дарға жетіп жатыр. Бұл ретте салымшылар үстінен ақша салу және мерзімінен бұрын ақша алуға қатысты талаптары әртүрлі өнімдерді таңдай алады. Жылдық инфляцияның қазіргі жағдайында (наурызда 11%, сәуірде 10,6%) теңгелік қаржы құралдарының нақты табыстылығы тарихи тұрғыда жоғары деңгейде сақталуда. Бұл ұлттық валютадағы салымдардың тартымдылығын арттыра түсетіні анық.

Салымшылар үшін жинақтау жөніндегі жоспарларын қайта тексеру үшін қолайлы сәт келеді. Мөлшерлемелердің қазіргі тұрақтылық кезеңі максималды түрде нақты табыс алуға жағдай жасайды. Ал мұндай жағдай орта мерзімді келешекте қолжетімсіз болып қалуы әбден мүмкін. Депозиттер бойынша мөлшерлемелер уақыт өте келе төмендеуі ықтимал. Сондықтан салымшылардың дәл қазір қолданыстағы талаптар бойынша салымдар ашуға немесе оларды толықтыруға тамаша мүмкіндіктері бар. Ал бұл өз кезегінде нарықтық ұсыныстар тартымсыз бола бастағанның өзінде салымдар бойынша қолайлы сыйақы пайызын бірнеше ай бойы немесе бір жылға дейін сақтауға және тұрақты табысты қамтамасыз етуге жол ашады.

ҚДКБҚ өз кезегінде тағы да еске салады: депозиттік өнімдерді таңдау барысында салымшылар сыйақы мөлшерлемесін ғана емес, банктің қаржылық орнықтылығын да ескергендері жөн. Банк салымы шартына қол қоймай тұрып,

оның талаптарымен мұқият танысып шығуға, депозитті толықтыру және одан ақшаны мерзімінен бұрын ішінара немесе толықтай алу, келесі мерзімге автоматты түрде ұзартылу мүмкіндіктеріне, ҚДКБҚ кепілдігінің мөлшеріне және салымның басқа да маңызды талаптарына көңіл бөлуге кеңес береміз.

ҚДКБҚ кепілдіктерінің бар екендігінің арқасында депозиттер – жинақ ақшаны сақтау және молайту жолында сенімді және қолжетімді қаржы құралы болып қалуда. ҚДКБҚ тағы да еске салады, кепілді өтемнің мөлшері салымның түрі мен валютасына тікелей байланысты. Сәйкесінше ол:



теңгелік жинақ салымдар (депозиттер) бойынша – **20 млн теңгеден;**



теңгедегі басқа да салымдар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **10 млн теңгеден;**



шетел валютасындағы шоттар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **5 млн теңгеден асырылмайды.**

Егер салымшының бір банкте әрқалай валютада әртүрлі бірнеше салымы бар болса, сол банк лицензиясынан айырылған жағдайда Қор әрбір салым бойынша белгіленген максималды кепілдік сомасын ескере отырып, салымшыға жиынтық кепілді өтем төлейді. Бірақ оның мөлшері 20 млн теңгеден асырылмайды.